

**Ғ. ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ,**  
делегация басшысы, Қа-  
рағанды қалалық партия  
комитетінің секретары:

Ұлы Отан соғысының бүкіл барысында тылдағы еңбеккерлер майданмен тығыз байланыс орнатып, оларды ардайым қанаттандырып, жаңа жеңістерге жігерлендіріп отырды. Бұл жолда майданға тылдағылардың атынан келген делегациялардың, көп жұмыстар тындыруына тура келді.

1943 жылғы Қызыл Армияның 24 жылдығы мерекесі қарсаңында майданға аттанған осындай делегацияны мен басқарып барған едім. Оның құрамында облыстық комсомол комитетінің секретары Н. Дроздецкая, Балақаш қалалық партия комитетінің секретары Ысқақов, қаладағы № 18 шахтаның навалотбойщикі Сыздықов, астық дайындау жөніндегі Қарағанды облыстық мекемесінің қызметкері Исақов. Қарағанды қаласындағы Киров атындағы орта мектептің мұғалімі Свирякова, тағы басқа жолдастар болды.

...Міне, майдан даласына да келіп жеттік. Поезсымыз жүрісін бәсеңдетіп барып, тоқтай қалды. Бет алған бағытымыздағы ақырғы пункт—Солтүстік-Батыс майданына келіптіз. Енді біраздан соң біздің делегациямыз өзіне жүктелген құрметті міндетті орындап, Отанымыздың ержүрек ұлдарына Қарағанды кеншілері жіберген мерекелік сәлемдемелерді тапсыратын болады. Майдан интендант қызметінен тікелей майдан далаларындағы бөлімдер мен бөлімшелерге барып, ержүрек жауынгерлер мен командирлердің қаһармандық ерлігімен жігерленген, сол арқылы өз еңбектерімен жауды жеңу ісін жақындатысып жатқан тыл еңбеккерлерінің жалынды сәлемін жеткізбек. Міне, шыңдап көңіл толқытарлық, ешқашан да ұмытылмайтын кездесулер басталып та кетті. Олардың кезінде майдан тылдың ажырамас, берік бірлігі, бірбіріңе жалын мен күш-жігер берер ынтымақ күлкі айқын байқалып отырды. Бұл бірлік жайында комиссар Горбачев жолдас өте жақсы етіп, үлкен толғаныс үстінде былай деп білдірді:

—Қай және қандай басқа елде жұмысшылар дәл осындай солдаттар мен офицерлер алдында достар және бауырластар ретінде сөйлей алатын еді?

Біздің делегация ержүрек майдангерлермен кездесіп, Совет Одағының Батырлары Мильдзихов және Мамедовтармен танысты. Басқа да данқты майдангерлермен жүздесіп, ерліктері жайлы ерен әңгімелерін тамашаладық. Қақаған аяздың жауынгер-

# ЖАУЫНГЕРЛЕРДІ ЖІГЕРЛЕНДІРДІ

лер үшін ешқандай да қорқынышты еместігіне көз жеткіздік. Алты шөптегі позициялардағы жауынгерлер мейлінше серке, олардың мейлінше жинақылығы, үлгілі тазалығы көз қуантқандай. Бірі де жылы және жақсы киінген: мақта тартылған жылы шабарлаар, телогрейкалар, шинельдер, тап-тұйнақтай баскиімдер, елтірі қолғаптар. Тәулігіне үш мезгіл нәрлі де әр-

ме? Шеттерінен күйлі де сайла,—деп қалды олар бірде. Сөйтсек етекке атқора орналасқан екен. Жанында теңтең шөп үюлі жатыр.

Майдандағы әр адамның өзі атқаратын міндеті бар. Қолы бос бір жан кездестірмейсің. Бірі екіншісіне көмекке келеді. Біреулері соғысып жатса, екінші біреулері оларға жауып тұрған оқ нәсерлерінің астында қару-жа-

шаналары мен үгіт машиналарын жолықтырдык. Үгітшілер жауынгерлер арасында алуан тақырыпқа әңгімелер өткізіп, большевиктік үгітті әскери бөлімдерге жиі және дер шағында жеткізіп отырды екен. Қызыләскерлер халықаралық және ішкі өмірдегі алуан оқиғаларды, түрлі жаңалықтарды күнбе-күн, сол сәтінде естіп, біліп отырады.

Біздің жауынгерлеріміздің бойындағы әрқашанғы: атақалар мен әуе шабуылдары кезінде де, сол майдан шебіне тым жақын жерлердегі қаншама күш жұмсалатын әскери оқулар мен жаттығулар кезінде де, демалыс сағаттары мен ұйқы құшағындағы кездерде де қарапайымдылықтың, асқан сабырлықтың сыры неде екен деген ойға жиі берілдік. Оның жауабын да осы жерден, қанды майданның өзінен тапқандай боласың: қиын жағдайда ажал атаулыны жан-тәнімен жек көретін, өз ісіне барынша сенетін, Отанынадегенуістік махаббат жүрегіне жылу, нәр беретін адамдар ғана өздерін осыншалық қарапайым, салқынқанды-сабырлы сезініп, өз ісіне осылайша шындап берілген сезім құшағында болады.

Кезінде Ғ. Төлепбергенов сияқты делегацияның басқа мүшелері Ысқақов пен Дроздецкаяда, Сыздықовпен Свирякова да, Исақов және басқалары да көп уақытқа дейін бұл кездесулерден алған әсерлерін ауыздарынан тастамай жүрді. Облыстық газет беттерінде де жазды, облыстық радиодан да айтты. Талай-талай митинг, жиналыстарда да сөйлеп, толғамдыойларын ортаға салып жүрді. Екеуара немесе аз ғана топ бас қосқан жерлерде қаншалықты сыр айттылды десеңші. Олардың қай-қайсысы балса да еңбеккерлерді жаңа табысқа жігерлендіріп отыратын.

Мұндай әңгімелерде, мәселен, Н. Дроздецкая Совет Одағының Батыры Хазимырза Мильдзиховпен майдандық, госпитальда қалай кездесіп, әңгімелескенін, майдандағы шайқастарда 130 фашисті оқ дүниеге аттандырып осы бір алып денелі, ертегідегі батырларға ұқсас ер мінезді, қыздарша сызылып тұратын жауынгер жайлы жиі айтушы еді. Ол сол сияқты майдангер әйелдердің ерлікпен соғысып жүргендерін нақты мысалдарды тілге тиек ете отырып беріле әңгімелейтін. Мәселен, он жеті жастағы санитарка қыз Тамара Калининна туралы әңгімесі аса тартымды шығушы еді. Оның майдан даласынан жаралы

жауынгерлерді алып шығу кезіндегіерлігі, фашист жыртықштарының әуе шабуылы кезінде өртенген, шофері оққа ұшқан санитарлық машинадағы ондаған жаралыларды өзінің жартылай күйіп, әбден әлсірегендігіне қарамай жалғыз құтқарғандығы, бұл ерлігі үшін оның Ленин орденімен наградталғандығы жайлы әңгімесін ересектермен бірге оқушы жастар да қызыға тындағандығыжайлы тыл архив мекемесіндегі тігінділер саналуан деректер сақтапты.

Сол тігінділерден осы сапардың және бір жемісімен таныстық. Ол Солтүстік-Батыс майданы әскерлерінің командашысы генерал-лейтенант П. Курочкин мен майдандық Әскери Советтің мүшесі дивизиялық комиссар А. Пронин қол койған Алғыс хат.

«Қымбатты жолдастар! — деп жазыпты олар. — Солтүстік-Батыс майданының жауынгерлері, командирлері мен саяси қызметкерлері сіздерге жіберген сәлемдемелеріңіз бен хаттарыңыз үшін өздерінің большевиктік ыстық сөлемі мен терең алғыстарын жолдайды.

Сіздердің Қызыл Армияға тұрақты жасалып отырған қамқорлықтарыңызбиздіңжауынгерлерімізге қызу жігер береді, оларды жауды түпкілікті жойғанға дейін бұрынғыдан да күшті ерліктер жасауға жұмылдырады. Бұл көмек-қамқорлыққа жауап ретінде совет халқының ержүрек ұлдары майдан далаларында жауынгерлік ерлік пен қаһармандықтың тамаша үлгілерін көрсете беретін болады. Қазірде соғыстың әр күні жаңа ерлердің есімдері мен қаһармандығын паш етуде. Жақында ғана СССР ЖоғарғыСоветіПрезидиумының Указы бойынша Совет Одағының Батыры атағы берілген төрт жауынгеріміздің Семён Байков пен Хазимырза Мильдзиховтың, Александр Панкратов пен Тимур Фрунзеңі есімдері барша елімізге мәлім болды...

Алда біздерді саналуан қиындықтардың, небір қаһарлы сындардың күтіп тұрғанын жақсы сезінеміз. Алайда, біздің жауынгерлеріміздің ерлік рухын, болашақ жеңістерге деген сенімін ешқандай күш шайқалта алмақ емес. Айбынды Қызыл Армия барша совет халқының қолдауына сүйені отырып фашист басқыншыларын тас-талқан етіп, өзінің әскери борышын абыроймен орындап шығатын болады».

Қарағандылық еңбеккерлер делегациясының майдандық кезекті сапарынан (ал, бұл тәрізді сапарлардың сұрапыл соғысжылдарындаағанын біз бүгінде жақсы білеміз) кейін дүниеге келген алғыс хатта берілген серттің шын мәнісінде абыроймен орындалғаны барша адамзатқа жақсы мәлім.

## 1942 жылғы ЕЛ ТЫНЫСЫ

● Облыс еңбекшілері майданға өзінің ерлік еңбегімен ғана емес, сол еңбек үстінде тапқан қалтасындағы ақшасымен де үлес қосты. Отан қорғау қорына 100 миллион сомнан астам қаржы тапсырылды. 18 миллион сомның облигация билеттері таратылды.

● «Қарағанды кеншісі» атты танктер колониясы, «Қарағанды әйелдері» атты самолеттер эвеносы қарағандылықтар жинаған қаржының есебінен жасалып, майдан ұрыстарына қатысты.

● Қарағанды шахталарында 20 мыңнан астам бұрынғы үй шаруасындағы әйелдер жұмыс істеп жатты. Олардың 5.500-і тікелей көмір өндіретін забойларда еңбек ететін.

● Февраль айында майданға облыс еңбекшілері 1.600, ал март айында 442 сәйгүлік жөнелтті.

● 15 апрельде 1.500 сәйгүлік, 360 арба, 15 майда 1.514 сәйгүлік, 470 арба, 1.210 тонна кептірілген картоп жіберілді.

● 5 мартта майдан қажетіне 60 тонна сұлы, 35 тонна тайланған шөп, 2,2 тонна жүн, 5 тонна кептірілген балық, 40 жеңіл арба жөнелтілді.

● 30 майда қарағандылықтар өздері қамқорлыққа алған Ленинград майданына түрлі тәуірлер мен азық-түлік тиіген 20 вагоннан тұратын эшелон жөнелтіп салды.

● Қарағанды қаласындағы госпитальдарда емделіп жатқандарға арнап тігілген 1.100 пар аяқ киім тарту етілді. Ай сайын соларға арналып 70 пар балдақ тегін әзірленді.

лі ыстық тағам беріледі екен: ет, май, жемістер жеткілікті.

Майданның ең алғы шебіндегі жеруі-блиндаждардың жинақылығы да көз тартады. Бұрыштағы шағын стол үстінде кітаптар мен түрлі кітапшалар, қызыләскер газетінің соңғы сандары, бет жуатын сабын кесектері, тіс порошогы мен шетқасы, шегуге жеңіл темекі пачкалары. Екі-үш кісілік тақтай төсектер, бәрі де тап-тұйнақтай, тап-таза. Кірсе шыққысыз дерлік, жылы да жинақы, дәл ауылдағы бөлмелердей-ақ.

Бір бөлімшеге сәлемдемелерімізді үлестіріп болып, екіншісіне жөнелдік. Жолшыбай пакеттерін құшақтаған екі жауынгер жолықты. Қарағандылықтар жіберген тәтті сәлемдемелерді ермек еткен жауынгерлер өте көңілді екен. Бізді көрген бетте-ақ өздерінің күнделік өмірі мен қызметтері жайлы әңгіме шертті.

— Аттарымызды көрдіңіздер

рақ, оқ-дәрі жеткізіп беруде, үшінші біреулері ат арбааларды көктемге әзірлеумен шұғылданып, оларды жөндеуден өткізуде, ат-көлікті күтіп-бағыпбантаумен айналысуда.

Кешкілікте бөлімшелердің бірінің саяси бөлімінде бас қостық. Жауынгерлер кешкі астан кейін Қарағанды еңбеккерлерінің делегациясына арнап үлкен концерт қойды. Үрмелі аспаптар оркестрі мен джаз оркестр ойнады. Қызыләскерлер өнерпаздары ән айтты, би биледі.

Майдан шебінде кинофильмдер жиі көрсетіліп тұрады екен. Жер астынан жақсылап жабдықталған клубта «Дальняя станицасы» деген кинокартина мен бірнеше әскери киножурналдар көрсетілді. Кезекті киносеансқа соғыс істерінен бос барлық жауынгерлер мен командирлер тегіс қатысты.

Алғы шептерде біздер үгіт